

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТОПЫРАҚТАРЫ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
ТИІМДІ
ПАЙДАЛАНУ
ЖОЛДАРЫ**



Қазақстандағы топырақ жамылғысының типтері

- Қазақстан территориясы үлкен болғандықтан, оның топырақ жамылғысы күрделі және әр түрлі. Топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралғаны айқын байқалады.



Негізінен үш топырақ зоналарына бөлінеді:

- қара топырақты зона (52° с.е. солтүстігінде)
- Қара-қоңыр топырақты зона (52° - 48° с.е. аралығында)
- қоңыр, сұр-қоңыр топырақты зона (48° с.е. оңтүстігінде)



Қара топырақ

- Қара топырақты зона үш зона аралығына бөлінеді: сілтісізденген қара топырақ - орманды дала табиғат зонасының оңтүстігінде аз ғана бөлігін алып жатыр; кәдімгі қара топырақ және оңтүстіктегі қуаң даланың қара топырағы - дала зонасына тән.



Қара топырақты зона

- Қазақстанның жазық бөлігі аумағының 86%-ын алып жатыр, жазық бөлігінде ең көбі: қара топырақ.
- Қара топырақты зона республиканың солтүстігінде тараған. Бұл зона Солтүстік Қазақстан облысын түгелімен, Қостанай үлкен бөлігін, Ақмола, Павлодар облыстарының солтүстік жерін қамтиды.
- Аумағы: 25,5 млн гектар жерін (9,5 %)



Қара қоңыр топырақ зонасы

- *Қара қоңыр топырақ зонасы* қара топырақтың оңтүстігінде орналасқан. Бұл Орталық Қазақстанның көп жерін, Каспий маңы ойпатының солтүстігін, Шығыс Қазақстан облысының жазықтарын алып жатыр.
- Бұл – республиканың оңтүстік дала (тым құрғақ далалы) және шөлейтті алқаптарын алып жатқан зона. Оның жусаны мол, жайылымы жұтаң жерлер.
- Ауданы: 120 млн гектар жерін (44%)



Қоңыр және сұр қоңыр топырақ жамылғысы

- Қазақстанның оңтүстік бөлігін түгел камтыған. Құнарлығы көп емес, сондықтан онда негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Бұл өңірде суармалы егіс қана тиімді.



Жазық алқаптардың топырағы

- Қазақстанның жазық аймақтарында (ауданы 235 млн. га; 89%)
- солтүстіктен оңтүстікке қарай мынадай топырақ белдемдері кездеседі:
- Республиканың қиыр солтүстігін орманды дала белдемі алып жатыр.
- Батыс Сібір ойпатында орналасқандықтан жер беті жазық, ойпатты, сондықтан орманның шайылған сұр топырағы мен шайылған сілтісізденген қара топырағы тән.
- Ауданы 400 мың га;



Даланың қара топырағы

- Бұл аймақтың топырақтары құнарлы, негізінен жаздық бидай егіледі. Қалған жерлерін орман, шабындық пен жайылымдар алып жатыр.
- Осы белдемнен оңтүстікке қарай даланың қара топырақты белдемі (Жалпы Сырттан Ертіс өңірі жазықтығына дейін 2000 км-ге созылған) жалғасып жатыр. Бұның 15 млн. гектары жыртылған жерлер, негізінен астық дақылдары егіледі.
- Ауданы: 25,7 млн. гектар;



Сұр және таулы-шалғынды топырақ

- Ол биік таулы аймақтың топырағы республиканың оңтүстік-шығысын алып жатыр.
- Тянь-Шань тау етектерінде негізінен сұр, ал Алтай таулары етектерінде таулы-шалғынды топырақ (ашық қара-қоңыр) таралған
- Аумағы 37 млн. гектар, жерін (14%)



Топырақ эрозиясы

- Топырақтың құнарлылығын кемітетін табиғаттың бір апаты - топырақ эрозиясы.



Қазақстандағы жағдайы

- Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Топырақтану институтының зерттеулері нәтижесінде республикада эрозияға бейім жер 70 млн гектардан астам немесе республика аумағының 26%-ы. Оның 52 млн гектары жел эрозиясына бейім, 17 млн-нан астамы су эрозиясына бейім.